

## Мемлекеттік жастар саясаты туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 9 ақпандағы № 285-V ҚРЗ.

**Қолданушылар назарына!**

**Қолданушыларға ыңғайлы болуы үшін ЗҚАИ мазмұнды жасады.**

### МАЗМҰНЫ

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "іске асыруды, іске асыру мониторингін және осы тапсырыстың" деген сөздер "оның іске асырылу мониторингін және" деген сөздермен ауыстырылды – ҚР 04.07.2022 № 134-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Осы Заң мемлекеттік жастар саясаты саласында туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді.

### 1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

#### 1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

1) тармақшаға өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 26.12.2022 № 168-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1) жас маман – жиырма тоғыз жасқа толмаған, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында білім беретін оқу бағдарламаларын меңгерген және білім туралы құжатта көрсетілген мамандық бойынша үш жылдан аспайтын уақыт жұмыс істеп жүрген Қазақстан Республикасының азаматы;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

2) тармақшаға өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 26.12.2022 № 168-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2) жас отбасы – ерлі-зайыптылардың екеуі де жиырма тоғыз жасқа толмаған отбасы не баланы (балаларды) жиырма тоғыз жасқа толмаған ата-ананың біреуі тәрбиелейтін толық емес отбасы;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

3) тармақшаға өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 26.12.2022 № 168-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3) жастар – Қазақстан Республикасының он төрт жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі азаматтары;

4) жастарға арналған әлеуметтік инфрақұрылым – мемлекеттік жастар саясатын іске асыру үшін қажетті объектілер (үйлер, құрылыстар, ғимараттар), сондай-ақ жас азаматтардың денсаулығын сақтау, оларға білім беру, оларды тәрбиелеу, әлеуметтік қызмет көрсету, дене бітімін, рухани және имандылық тұрғысынан дамыту, олардың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету және олардың қоғамдық қажеттіліктерін қанағаттандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар жүйесі;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

4-1) тармақша жаңа редакцияда көзделген – ҚР 26.12.2022 № 168-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4-1) жұмыс істеп жүрген жастар – жиырма тоғыз жасқа толмаған, жалпы білім беретін мектептердің және (немесе) техникалық және кәсіптік және (немесе) орта білімнен кейінгі және (немесе) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беретін оқу бағдарламаларын меңгерген және еңбек қызметін жүзеге асырып жүрген Қазақстан Республикасының азаматтары;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

4-2), 4-3), 4-4) тармақшалармен толықтыру көзделген – ҚР 26.12.2022 № 168-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5) "Қазақстан жастары" ұлттық баяндамасы – мемлекеттік жастар саясатының іске асырылуын талдауды және оны жетілдіру жөніндегі ұсынымдарды қамтитын жыл сайынғы есеп;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

5-1) тармақшамен толықтыру көзделген – ҚР 26.12.2022 № 168-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6) мемлекеттік жастар саясаты – мемлекет жүзеге асыратын және жастарды қолдау мен дамытуға бағытталған әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық және құқықтық шаралар жүйесі;

7) мемлекеттік жастар саясаты мәселелері жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – мемлекеттік жастар саясаты саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

8) өңірлік жастар форумы – жергілікті атқарушы органдар мен жастар арасындағы өзара іс-қимылдың өңірлік деңгейін қалыптастыру мақсатында өткізілетін жастар өкілдерінің форумы;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

9) тармақшаға өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 26.12.2022 № 168-VII (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)  
Заңымен.

9) республикалық жастар форумы – өңірлік форумдарда сайланған жастар өкілдерінің мемлекеттік органдар мен жастар арасындағы өзара іс-қимылдың жалпыұлттық деңгейін қалыптастыру мақсатында өткізілетін форумы.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

10) тармақшамен толықтыру көзделген – ҚР 26.12.2022 № 168-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)  
Заңымен.

Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 06.05.2019 № 251-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**2-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты саласындағы заңнамасы**

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты саласындағы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

**3-бап. Мемлекеттік жастар саясатының мақсаты, міндеттері және қағидаттары**

1. Мемлекеттік жастар саясатының мақсаты жастардың рухани, мәдени, білім алып, кәсіби және дене бітімінің толыққанды дамуы, шешімдер қабылдау процесіне қатысуы, ойдағыдай әлеуметтенуі және олардың әлеуетін елді одан әрі дамытуға бағыттау үшін жағдайлар жасау болып табылады.

2. Мемлекеттік жастар саясатының міндеттері:

1) жастардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау;

2) жастарды елдің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өміріне тарту;

3) азаматтыққа тәрбиелеу және қазақстандық патриотизм сезімін нығайту болып табылады.

3. Мемлекеттік жастар саясаты:

1) мәдени, имандылық және рухани құндылықтардың басымдығы;

2) азаматтық, жауапкершілік, еңбексүйгіштік;

3) конфессияаралық келісім мен этносаралық тағаттылық;

4) ұрпақтар сабақтастығы, отбасылық тәрбиенің басымдығы;

5) мемлекеттік жастар саясатын қалыптастыруға және іске асыруға жастардың қатысуы;

6) мемлекеттік жастар саясатын қалыптастыруға және іске асыруға ғылыми, кешенді және дәйекті көзқарас қағидаттарына негізделеді.

**4-бап. Мемлекеттік жастар саясатының негізгі бағыттары**

Мемлекеттік жастар саясатының негізгі бағыттары:

1) қолжетімді және сапалы білім беруді қамтамасыз ету, ғылыми-техникалық әлеуетті дамыту;

2) денсаулықты сақтау және нығайту, саламатты өмір салтын қалыптастыру;

3) жұмысқа орналасу мен жұмыспен қамту үшін жағдайлар жасау;

4) жастар арасында кәсіпкерлік қызметті дамыту үшін жағдайлар жасау;

5) жас отбасылар және жұмыс істеп жүрген жастар үшін қолжетімді тұрғын үй жүйесін дамыту;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

6) тармақша жаңа редакцияда көзделген – ҚР 26.12.2022 № 168-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

б) құқықтық мәдениет деңгейін арттыру, сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілікке тәрбиелеу;

7) экологиялық мәдениетті қалыптастыру;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

7-1) тармақшамен толықтыру көзделген – ҚР 26.12.2022 № 168-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

8) дарынды жастарды дамытуға жәрдемдесу;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

9) тармақшаға өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 26.12.2022 № 168-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

9) мәдени бос уақыт пен демалыс үшін жағдайларды қамтамасыз ету болып табылады.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

10), 11) тармақшалармен толықтыру көзделген – ҚР 26.12.2022 № 168-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 4-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 06.05.2019 № 251-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

## **2-тарау. МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЖАСТАР САЯСАТЫ САЛАСЫНДАҒЫ ҚҰЗЫРЕТІ**

### **5-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті**

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) мемлекеттік жастар саясатының негізгі бағыттарын әзірлейді және оның жүзеге асырылуын ұйымдастырады;

2) Қазақстан Республикасының Президентіне "Қазақстан жастары" ұлттық баяндамасын енгізеді;

3) "Дарын" мемлекеттік жастар сыйлығын беру тәртібін, оның ақшалай сыйақы мөлшерін және номинацияларын бекітеді;

4) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

## **6-бап. Уәкілетті органның құзыреті**

Уәкілетті орган:

1) мемлекеттік жастар саясатын қалыптастырады және іске асырады;

2) мемлекеттік жастар саясаты мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органдарды үйлестіруді және оларға әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асырады;

3) жастар ұйымдарымен мемлекеттік жастар саясаты мәселелері бойынша өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты жүзеге асырады;

4) мемлекеттік жастар саясаты мәселелері бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды, оның іске асырылу мониторингін және нәтижелерін бағалауды жүзеге асырады;

5) мемлекеттік жастар саясаты мәселелері бойынша түсіндіру жұмысын жүзеге асырады;

6) мемлекеттік жастар саясатын ғылыми және әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

7) мемлекеттік жастар саясаты саласындағы нормативтік-құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

8) "Қазақстан жастары" ұлттық баяндамасын дайындау және оны Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізу жөніндегі жұмысты ұйымдастырады және үйлестіреді;

9) әкімдіктер жанындағы жастар істері жөніндегі кеңестер туралы үлгілік ережені әзірлейді және бекітеді;

10) республикалық жастар форумын өткізу тәртібін және өңірлік жастар форумы туралы үлгілік қағидаларды әзірлейді және бекітеді;

11) жастар ресурстық орталықтары туралы үлгілік ережені әзірлейді және бекітеді;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**11-1) тармақшамен толықтыру көзделген – ҚР 26.12.2022 № 168-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

12) "Дарын" мемлекеттік жастар сыйлығын беру тәртібін әзірлейді;

12-1) жұмыс істеп жүрген жастарға сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғынжай беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

12-2), 12-3) тармақшалармен толықтыру көзделген – ҚР 26.12.2022 № 168-VII ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

13) жастардың волонтерлік қызметін дамытуға жәрдемдеседі;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

13-1) тармақшамен толықтыру көзделген – ҚР 26.12.2022 № 168-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

14) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

**Ескерту. 6-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 13.06.2018 № 160-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.05.2019 № 251-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

#### **7-бап. Білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті**

Білім беру саласындағы уәкілетті орган өз құзыреті шегінде:

1) мемлекеттік жастар саясатын іске асырады;

2) жастар ұйымдарымен білім беру мәселелері бойынша өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты жүзеге асырады;

3) білім беру мәселелері бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды, оның іске асырылу мониторингін және нәтижелерін бағалауды жүзеге асырады;

4) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

**Ескерту. 7-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 13.06.2018 № 160-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **8-бап. Ғылым саласындағы уәкілетті органның құзыреті**

Ғылым саласындағы уәкілетті орган өз құзыреті шегінде:

1) мемлекеттік жастар саясатын іске асырады;

2) жастар ұйымдарымен ғылым мәселелері бойынша өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты жүзеге асырады;

3) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

#### **9-бап. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның құзыреті**

Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган өз құзыреті шегінде:



1) мемлекеттік жастар саясатын іске асырады;

2) жастар ұйымдарымен денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты жүзеге асырады;

3) жастар арасында денсаулық сақтау және саламатты өмір салтын насихаттау мәселелері бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды, оның іске асырылу мониторингін және нәтижелерін бағалауды жүзеге асырады;

4) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

**Ескерту. 9-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 13.06.2018 № 160-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **10-бап. Еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның құзыреті**

Еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган өз құзыреті шегінде:

1) мемлекеттік жастар саясатын іске асырады;

2) жастарды жұмысқа орналастыруға және жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөнінде шаралар әзірлейді;

3) "Жастардың еңбек биржасы" бірыңғай ақпараттық порталының жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

4) жастар ұйымдарымен жастарды жұмысқа орналастыруға және жұмыспен қамтуға жәрдемдесу мәселелері бойынша өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты жүзеге асырады;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**4-1), 4-2) тармақшалармен толықтыру көзделген – ҚР 26.12.2022 № 168-VII ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

5) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

### **11-бап. Кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органның құзыреті**

Кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган өз құзыреті шегінде:

1) мемлекеттік жастар саясатын іске асырады;

2) жастар жүзеге асыратын кәсіпкерлік қызметті дамыту жөнінде шаралар әзірлейді;

3) жастар ұйымдарымен жастар арасында кәсіпкерлік қызметті дамыту мәселелері бойынша өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты жүзеге асырады;

4) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

### **12-бап. Мәдениет саласындағы уәкілетті органның құзыреті**

Мәдениет саласындағы уәкілетті орган өз құзыреті шегінде:

1) мемлекеттік жастар саясатын іске асырады;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

1-1) тармақшамен толықтыру көзделген – ҚР 26.12.2022 № 168-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

**Заңымен.**

2) дарынды жастарды және болашағы бар жастар шығармашылық ұжымдарын іздестіру мен қолдауға бағытталған іс-шаралар кешенін жүзеге асырады;

3) жастар ұйымдарымен мәдениет мәселелері бойынша өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты жүзеге асырады;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

4) тармақша жаңа редакцияда көзделген – ҚР 26.12.2022 № 168-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

**Заңымен.**

4) жастардың мәдениет, қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайту мәселелері жөніндегі бастамаларын қолдауға бағытталған мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды, оның іске асырылу мониторингін және нәтижелерін бағалауды жүзеге асырады;

5) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

**Ескерту. 12-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 13.06.2018 № 160-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**13-бап. Дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органның құзыреті**

Дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті орган өз құзыреті шегінде:

1) мемлекеттік жастар саясатын іске асырады;

2) жастардың қатысуымен спорт түрлері, оның ішінде ұлттық, техникалық және қолданбалы түрлері, бұқаралық спорт бойынша жарыстар өткізеді;

3) дене шынықтыру және спорт саласындағы білім мен жетістіктерді, саламатты өмір салты қағидаттарын, оның ішінде жастар арасынан жоғары дәрежедегі спортшылардың қатысуымен насихаттауды жүзеге асырады;

4) жастар ұйымдарымен дене шынықтыру және спорт мәселелері бойынша өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты жүзеге асырады;

5) жастар арасында дене шынықтыру мен спортты дамыту бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды, оның іске асырылу мониторингін және нәтижелерін бағалауды жүзеге асырады;

6) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.



**Ескерту. 13-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 13.06.2018 № 160-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **14-бап. Діни қызмет саласындағы уәкілетті органның құзыреті**

Діни қызмет саласындағы уәкілетті орган өз құзыреті шегінде:

- 1) мемлекеттік жастар саясатын іске асырады;
- 2) жастар арасында конфессияаралық келісім мен діни тағаттылықты нығайту бойынша түсіндіру жұмысын жүзеге асырады;
- 3) жастар ұйымдарымен конфессияаралық келісім мен діни тағаттылықты нығайту бойынша өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты жүзеге асырады;
- 4) жастар арасында конфессияаралық келісім мен діни тағаттылықты нығайту мәселелері бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды, оның іске асырылу мониторингін және нәтижелерін бағалауды жүзеге асырады;
- 5) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

**Ескерту. 14-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 13.06.2018 № 160-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**14-1-баппен толықтыру көзделген – ҚР 26.12.2022 № 168-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **15-бап. Ішкі істер органдарының құзыреті**

Ішкі істер органдары өз құзыреті шегінде:

- 1) мемлекеттік жастар саясатын іске асырады;
- 2) жастар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы жөнінде шаралар қолданады;
- 3) жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу жөнінде шаралар қолданады;
- 4) жастар ұйымдарымен жастар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы бойынша өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты жүзеге асырады;
- 5) жастар арасындағы құқық бұзушылық профилактикасы мәселелері бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды, оның іске асырылу мониторингін және нәтижелерін бағалауды жүзеге асырады;
- 6) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

**Ескерту. 15-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 13.06.2018 № 160-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **16-бап. Қорғаныс министрлігінің құзыреті**

Қорғаныс министрлігі өз құзыреті шегінде:

- 1) мемлекеттік жастар саясатын іске асырады;
- 2) жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу жөнінде шаралар қолданады;
- 3) жастар ұйымдарымен қорғаныс және әскери қызмет мәселелері бойынша өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты жүзеге асырады;
- 4) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

#### **17-бап. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның құзыреті**

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган өз құзыреті шегінде:

- 1) мемлекеттік жастар саясатын іске асырады;
- 2) жастар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру жөнінде шаралар қолданады;
- 3) жастар ұйымдарымен қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты жүзеге асырады;
- 4) жастардың қоршаған ортаны қорғау мәселелерін шешуге қатысуы бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды, оның іске асырылу мониторингін және нәтижелерін бағалауды жүзеге асырады;
- 5) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

**Ескерту. 17-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 13.06.2018 № 160-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **18-бап. Бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті органның құзыреті**

Бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті орган өз құзыреті шегінде:

- 1) мемлекеттік жастар саясатын іске асырады;
- 2) жастар ұйымдарымен бұқаралық ақпарат құралдары мәселелері бойынша өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты жүзеге асырады;
- 3) мемлекеттік жастар саясаты мәселелері бойынша мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты орналастырады;
- 4) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

#### **19-бап. Жергілікті өкілді және атқарушы органдардың құзыреті**

1. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті өкілді органы өз құзыреті шегінде:

- 1) жылына кемінде бір рет жергілікті атқарушы органдар басшыларының мемлекеттік жастар саясатының іске асырылу барысы туралы есептерін тыңдайды;
- 2) әкімдіктер жанындағы жастар істері жөніндегі кеңестердің қызметіне қатысады;

3) жылына кемінде бір рет мемлекеттік жастар саясатының іске асырылу мәселелері бойынша жария тыңдаулар өткізеді;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**2-тармақ жаңа редакцияда көзделген – ҚР 26.12.2022 № 168-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

2. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы өз құзыреті шегінде:

1) мемлекеттік жастар саясатын іске асырады;

2) өзекті проблемаларды анықтау және шешу, мемлекеттік жастар саясатын іске асырудың тиімділігін арттыру үшін мониторинг жүргізуді және жастардың қажеттіліктерін бағалауды қамтамасыз етеді;

3) жастарды жұмыспен қамту және жұмысқа орналастыру саясатын іске асыруды қамтамасыз етеді, еңбек нарығының және жас мамандарды жұмысқа орналастыру практикасының мониторингін ұйымдастырады;

4) жастардың волонтерлік қызметін және жастардың өзін-өзі басқаруын дамытуға жәрдемдеседі;

5) жастар ресурстық орталықтарын құрады, олардың қызметін қамтамасыз етеді және үйлестіреді;

6) өңірлік жастар форумын өткізуді қамтамасыз етеді;

7) қазақстандық патриотизмді, конфессияаралық келісім мен этносаралық тағаттылықты нығайту жөнінде шаралар қолданады;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін, жергілікті мемлекеттік басқару мүдделерінде өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**3-тармақпен толықтыру көзделген – ҚР 26.12.2022 № 168-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **3-тарау. МЕМЛЕКЕТТІК ЖАСТАР САЯСАТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖӘНЕ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ ТЕТІКТЕРІ**

#### **20-бап. Республикалық және өңірлік жастар форумдары**

1. Жастар форумы республикалық және өңірлік деңгейлерде өткізіледі.

2. Республикалық жастар форумы:

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**1) тармақшаға өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 26.12.2022 № 168-VII (алғашқы ресми**

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)  
Заңымен.

1) орталық мемлекеттік органдар мен жастар, жастар ұйымдары арасындағы диалог пен өзара іс-қимылды;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

2) тармақшаға өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 26.12.2022 № 168-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)  
Заңымен.

2) мемлекеттік жастар саясатын іске асыру мәселелерін талқылауды қамтамасыз етеді.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

3) тармақшамен толықтыру көзделген – ҚР 26.12.2022 № 168-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)  
Заңымен.

3. Республикалық жастар форумында "Қазақстан жастары" ұлттық баяндамасы талқыланады, орталық және жергілікті атқарушы органдардың есептері тыңдалады, оның қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне мемлекеттік жастар саясатын жетілдіру жөнінде ұсынымдар енгізіледі.

4. Өңірлік жастар форумы:

1) жергілікті атқарушы органдар мен жастар, жастар ұйымдары арасындағы диалог пен өзара іс-қимылды;

2) мемлекеттік жастар саясатын іске асыру мәселелерін талқылауды;

3) мемлекеттік жастар саясатын жетілдіру жөнінде ұсынымдар тұжырымдауды қамтамасыз етеді.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

20-1, 20-2-баптармен толықтыру көзделген – ҚР 26.12.2022 № 168-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

## **21-бап. Мемлекеттік жастар саясаты саласындағы консультативтік-кеңесші органдар**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңес консультативтік-кеңесші орган болып табылады, оның өкілеттіктерін, қызметін ұйымдастыру және оның тәртібін Қазақстан Республикасының Президенті айқындайды.

2. Әкімдіктер жанындағы жастар істері жөніндегі кеңестер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылатын және өз қызметін мемлекеттік жастар саясатын жетілдіру және ведомствоаралық өзара іс-қимылдың тиімділігін арттыру жөнінде ұсынымдар тұжырымдау мақсатында жүзеге асыратын консультативтік-кеңесші органдар болып табылады.

### **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**3-тармақты алып тастау көзделген – ҚР 26.12.2022 № 168-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

3. Жастар ұйымдарын дамыту жөніндегі үйлестіру кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылатын және өз қызметін жастар ұйымдарының тиімді өзара іс-қимыл жасауы, қызметін үйлестіруді күшейту және одан әрі жетілдіру жөнінде ұсынымдар тұжырымдау мақсатында жүзеге асыратын, уәкілетті орган жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

4. Орталық атқарушы органдарда үкіметтік емес ұйымдармен, оның ішінде жастар ұйымдарын тарта отырып, өзара іс-қимыл жасау және ынтымақтастық жөніндегі кеңестер құрылуы мүмкін.

### **22-бап. Жастарға арналған әлеуметтік инфрақұрылым**

1. Мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жастарға арналған әлеуметтік инфрақұрылым құруды және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

2. Жастар ұйымдары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен үйлерді, құрылыстарды, ғимараттарды және өздерінің жарғылық мақсаттарын жүзеге асыру үшін қажетті өзге де мүлікті өтеусіз пайдалануға алуы мүмкін.

### **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**23-бап жаңа редакцияда көзделген – ҚР 26.12.2022 № 168-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **23-бап. Жастар ресурстық орталықтары**

1. Жастар ресурстық орталықтары жастар мен жастар ұйымдарын қолдау және дамыту үшін қызметтер көрсету мақсатында құрылады.

2. Жастар ресурстық орталықтары жастардың бастамаларын ақпараттық-әдістемелік, консультациялық сүйемелдеу мен қолдауды, жастар арасындағы ахуалдың мониторингін және оны талдауды жүзеге асырады.

3. Бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын жастар ресурстық орталықтары көрсететін қызметтер тегін ұсынылады.

### **24-бап. "Жастар" ғылыми-зерттеу орталығы**

1. "Жастар" ғылыми-зерттеу орталығы мемлекеттік жастар саясатын іске асыруды ғылыми қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен құрылады.

2. "Жастар" ғылыми-зерттеу орталығы ғылыми зерттеулер жүргізеді және мемлекеттік жастар саясатын іске асыруды әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

3. "Жастар" ғылыми-зерттеу орталығының қызметін қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен жүзеге асырылады.

#### **25-бап. Жастарға арналған әлеуметтік қызметтер**

1. Жастарға арналған әлеуметтік қызметтер өз қызметін жастардың зияткерлік, рухани, дене бітімінің, шығармашылық тұрғысынан дамуы, кәсіби даярлығы және кәсіпкерлік әлеуетін іске асыру үшін жағдайлар жасау мақсатында жүзеге асырады.

2. Жастарға арналған әлеуметтік қызметтер қызметінің негізгі бағыттары:

1) өмірлік қиын жағдайда жүрген, арнаулы білім беру ұйымдарынан және ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарынан оралған, алкогольизмнен, нашақорлықтан, уытқұмарлықтан емдеуден өткен жастарға, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдар қатарындағы жастарға психологиялық-педагогикалық, медициналық-әлеуметтік, заң көмегін және консультация беруді жүзеге асыру;

2) жастардың құқыққа қарсы әрекеттерінің профилактикасы;

3) тұрғылықты жері бойынша жастардың бос уақытын ұйымдастыру;

4) жастардың кәсіпкерлік қызметін қолдау мен дамыту;

5) жастардың өзін-өзі басқаруын дамытуға жәрдемдесу;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де әлеуметтік маңызы бар бағыттар болып табылады.

**Ескерту. 25-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 07.07.2020 № 361-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

#### **26-бап. Халықаралық ынтымақтастық**

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты саласындағы халықаралық ынтымақтастығы Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының негізінде жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мемлекеттік жастар саясаты саласындағы халықаралық ынтымақтастыққа:

1) жастар мен жастар ұйымдарын Қазақстан Республикасы мүшесі болып табылатын халықаралық ұйымдардың қызметіне тарту;

2) тәжірибе алмасуға, достық және іскерлік қарым-қатынастарды дамытуға ықпал ететін іс-шараларды ұйымдастыру;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де іс-шараларды ұйымдастыру арқылы жәрдем көрсетеді.

#### **27-бап. Мемлекеттік жастар саясатын қаржылық қамтамасыз ету**

Мемлекеттік жастар саясатын қаржыландыру бюджет қаражаты және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен жүзеге асырылады.



## **4-тарау. ЖАСТАРДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЖАСТАР САЯСАТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ЖӘНЕ ІСКЕ АСЫРУҒА ҚАТЫСУЫ**

### **28-бап. Жастар ұйымдары**

1. Жастар ұйымы үкіметтік емес ұйым болып табылады, оның қызметі жастарды дамытуға, олардың өзін-өзі көрсетуіне, құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, сондай-ақ жастардың әлеуметтік, мәдени, білім алу, рухани және өзге де қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталады, жастар өкілдері оның мүшелері (қатысушылары) болып табылады.

2. Жастар ұйымдары:

1) мемлекеттік жастар саясатының өзекті мәселелерін талқылауға;

2) мемлекеттік жастар саясаты саласындағы консультативтік-кеңесші органдардың қызметіне;

3) республикалық және өңірлік жастар форумдарының жұмысына;

4) жастардың өзін-өзі басқару органдарының қызметіне қатысуға құқылы.

### **29-бап. Жастардың волонтерлік қызметі**

1. Жастардың волонтерлік қызметі жеке және заңды тұлғалардың мүдделерінде өтеусіз негізде жүзеге асырылатын ерікті, қоғамға пайдалы қызмет болып табылады.

2. Жастардың волонтерлік қызметі саяси партияларды және діни бірлестіктерді қолдауға бағытталмауға тиіс.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**3-тармақпен толықтыру көзделген – ҚР 26.12.2022 № 168-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **30-бап. Жастардың өзін-өзі басқаруы**

1. Жастардың өзін-өзі басқаруы тұлғалық және кәсіби өсу, қоғамда ойдағыдай әлеуметтену, өзінің зияткерлік және шығармашылық әлеуетін іске асыру үшін жағдайлар жасау жөніндегі жастар қызметін ұйымдастыру нысаны болып табылады.

2. Жастардың өзін-өзі басқару органдары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес негізгі орта, орта (жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру), орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында және еңбек ұжымдарында құрылуы мүмкін.

## **5-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

### **31-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі**

1. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы" 2004 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің

Жаршысы, 2004 ж., № 16, 95-құжат; 2007 ж., № 10, 69-құжат; № 20, 152-құжат; 2010 ж., № 22, 130-құжат; 2011 ж., № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; 2013 ж., № 14, 72, 75-құжаттар; 2014 ж., № 1, 4-құжат) күші жойылды деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Н.Назарбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК